

МЕМОРАНДУМ
Өзара ынтымақтастық туралы

Семей қ.

«20 » 04 2025 ж.

Осы Меморандум ынтымақтастық туралы (бұдан әрі - «Меморандум») Абай облыстық білім басқармасының «Бизнес және сервис жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Хожанова Альмира Балтабековна бұдан әрі «Колледж» және «Селеубаев Н.К.» ЖК жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында бұдан әрі Жарғы негізінде әрекет ететін «Кәсіпорын» атынан директоры Селеубаев Нуржас Кадырович бірлесіп қарым-қатынас орнатады, «Тараптар кадрларды қәсіптік даярлау жүйесін перспективалық дамытудағы өзара мүдделілікті негізге ала отырып, тиімді қатынастарды нығайту үшін әрбір Тараптың мүдделерін құрметтей отырып, ынтымақтастықты дамыту туралы осы Меморандумды жасасты.

1. Меморандумның мақсаты

1.1. Осы Меморандум техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді ілгерілету және танымал ету, құзыретті мамандарды даярлау шенберінде бірлескен іс-шараларды жоспарлау және іске асыру кезінде күш-жігерді біріктіру, оның ішінде тағылымдамаларды, практикаларды, білім беру шеберлік сыйнштарын ұйымдастыру мақсатында жасалады.

2. Ынтымақтастықтың негізгі қағидасы

2.1. Тараптардың ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заннамасына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

3. Меморандумның мәні

3.1. Осы Меморандумның негізгі мәні Тараптардың белгілі бір бағыттар бойынша өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

3.2. Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар осы Меморандумды орындау үшін жасалған жекелеген шарттарда (келісімдерде) көзделген тәртіппен және тәсілдермен өзара ынтымақтастықтың мынадай салаларын айқындайды:

3.2.1. білікті кадрлар даярлау мәселелері бойынша әлеуметтік әріптестікті дамыту;

3.2.2. Кәсіпорынмен бірлесіп оку жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

3.2.3. дуальді оқыту жүйесін енгізу;

3.2.4. Кәсіпорынның өндірістік персоналын, Колледждің арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласындағы ынтымақтастық;

3.2.5. озық тәжірибемен алмасу, жана ғылыми, оку және өндірістік жетістіктерді тарату;

3.2.6. 2-ші, 3-ші, 4-ші курс білім алушыларының өндірістік практикасын Кәсіпорын мен Колледжден тәлімгерлер тағайындағы отырып, практика бойынша шарт негізінде үйымдастыру және өткізу;

3.2.7. Кәсіпорын өкілдерінің қатысуымен Колледж мамандықтары бойынша біліктілік емтихандарын үйымдастыру және өткізу.

3.2.8. Колледждің материалдық-техникалық базасын жаңарту. Кәсіпорын өз қалауы бойынша жабдықтарды, материалдарды, құралдарды өтеусіз беруге демеушілік көмек көрсетуге құқылы;

3.2.9. Колледжді қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықтау мәселелері бойынша консультация беру;

3.2.10. кездесулер, семинарлар, кәсіби шеберлік конкурстарын, спорттық жарыстар өткізу;

3.2.11. Кәсіпорынмен келісім бойынша 1-курс білім алушылары үшін кәсіпорынға шолу экскурсияларын өткізу;

3.2.12. Тараптар өзара келіскең және көзделген басқа да салаларда жүзеге асырылады.

4. Ұнтымақтастық нысандары

- шарттар (келісімдер) жасасу;
- консультациялық және сараптамалық көмек көрсету;
- Колледж білім алушыларына практиканан өту жөніндегі шарт шенберінде тағылымдамадан, практиканан өту үшін алаң ұсыну;
- Колледж педагогтарына Кәсіпорын базасында тағылымдамадан өткізу үшін алаң ұсыну;
- Кәсіпорын басшылығының өтінімдері бойынша Кәсіпорынның өндірістік персоналын оқыту, біліктілігін арттыру;
- ынтымақтастықтың қағидаттарына сәйкес әріптестік, өзге де тең және өзара мұдде нысандары.

5. Ұнтымақтастықты үйымдастыру

5.1. Тараптар осы Меморандумды орындау бойынша өзара іс-әрекетті үйлестіру үшін Тараптардың өкілдерінен байланыс жасайтын тұлғаны тағайындаі алады.

5.2. Ұнтымақтастықтың жекелеген бағыттарын іске асыру үшін Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген шарттар (келісімдер) жасасу мүмкіндігі бар.

5.3. Тараптар осы Меморандум бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауда бір-біріне барынша жәрдем көрсетуге ұмтылатын болады.

5.4. Тараптар осы Меморандумның нысанасына қатысты кез келген құпия акпаратты (толық немесе ішінара) жария етуді болдырмау жөнінде шаралар қабылдауға келісті.

5.5. Осы Меморандумның ережелері осы Меморандумда аталған бағыттар бойынша Тараптардың құқықтарына нұқсан келтірмейді және Тараптар осы Меморандумды бірлескен қызмет бойынша зандық және қаржылық міндеттемелерді болдырмау туралы декларация ретінде қарайды.

6. Келіспеушіліктерді шешу

6.1. Осы Меморандумның ережелерін орындауға байланысты Тараптар арасында туындайтын келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілуге тиіс.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Меморандум оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі басқа Тараптарға жазбаша хабарлама жіберу арқылы оның қолданылуын тоқтатуға ниет білдіргенге дейін жарамды.

7.2. Меморандум тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеріліуі немесе толықтырылуы мүмкін. Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгерістер жазбаша нысанда (екі данада) жасалады және оған Тараптар қол қояды.

7.3. Осы Меморандум Тараптардың бірінің бастамасы бойынша екінші Тарапты Меморандумды бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жазбаша хабардар ету жолымен бұзылуы мүмкін.

7.4. Меморандумның қолданысын тоқтату оны іске асыру мақсатында Тараптар жасасқан шарттарды (келісімдерді) бұзу үшін негіз болып табылмайды.

7.5. Меморандумның мәтіні әрбір Тарап үшін 1 (бір) данадан 2 (екі) данада жасалды.

7.6. Қол қою Семей қаласында 04 «dd» 2025 жылы жасалды.

Тараптардың занды мекен жайлары мен банктік деректемелері

«Колледж»

КР Абай облыстық білім басқармасының
«Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК
Семей к., Аймауытов көш., 143А,
пошталық индексі 180000
Тел.: 8 (7222) 50-58-98
БСН 160740009387
БСК КСЛВКЗКХ КБЕ 16
ЖСК KZ888562203101079472
«Банк Центр Кредит» АҚ
Директор

Хожанова Альмира Балтабековна



МО

«Кәсіпорын»

КР Абай облысы, «Селеубаев Н.К.»
ЖК
Семей к., 1 Линия к, 70 үй
Тел: 87001018787
БСН: 901203351722
Банк: АҚ "Kaspi Bank"
КБе: 19
БИК: CASPKZKA
ИИК: KZ85722S000031519141

Директор
Селеубаев Нуржан Нұржанқызы
Кадырович

МО

